

ӘОЖ 008(574)

Ғарифолла Есім

Қазақстан Республикасының Сенаты, Қазақстан, Астана қ.

E-mail: yesim@parlam.kz

Қазақ елі – Атамекен ренессансы

Аңдатпа. Қазақ елі бүгінде ренессанстық ел. Олай дейтінім, ол өзінің Атамекен идеясынан ешқашан, қандай қиын замандар болса да ажыратылып қалмаған. Қазақтар негізінен ата-бабалары ғұмыр кешкен территориядан ешқайда ауып кетпеген. Қандай қиын жағдайлар болмасын сол атамекенінде өмір сүруді дәстүрге айналдырған. Бұл Қазақ елінің қуаты, субстанциясы. Оның ертеңгі күнге алған жолдамасы.

Атамекен Ренессансы дегенде Қазақ елінің тұңғыш Президенті, Елбасы, кешегі өткен Ер Едігенің ісін жалғастырушы, жаңғыртушы деген түйінді сөзімді айтпақпын.

Елдік сана дәстүрі деген «Ел қамын жеген Ер, Би Едігеден» бастау алып, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салған 20 жылдық тарихы бар Қазақ елінің нұрлы жолын айту азаматтық парыз.

Түйін сөздер: атамекен, ел, жер, мемлекет, халық.

Егеменді еліміздің жиырма жылдық өмірбаяны тарихқа айналып барады. Жиырма жыл ес жиярлық уақыт. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары күн тәртібінде тікелей тұрмысқа қатысты мәселелер шешімін күтіп тұрғандықтан, халқымыздың арғы-бергі тарихы, оның қилы-қилы қатпарлары толығымен тарқатылмай, сол түйдек-түйдек қалпымен отандық ғылымға орнығып қалғаны бар. Тарихи сана бірден қалыптасып кете қоятын феномен емес. Оның үстіне тарихшыларымыздың дені «ескі тарих» бесігінде бөленіп шыққандар, бұл істе, әсіресе, тарихқа маркстік көзқарас өзінің зардабын тигізді.

Репрессияға қазақ зиялылары ғана емес, қазақтың тұтас тарихы түсті.

Мақала тақырыбын «Қазақ елі – Атамекен ренессансы» деп атауым осы күрмеуі қиын ел тарихына қатысты әңгіме туралы. Осы мақалаға дейінгі ренессанс деп айтып, жазып жүргендерім ізденістер екен. Қазақ ренессансының нағыз мазмұны енді анықталған сияқты. Қазақ ренессансы екі ұғымға: «Қазақ елі» және «Атамекен» идеясына тікелей қатысты. Атамекен идеясы жаңалық емес. Ол әр қазақтың сана-сезіміндегі асыл, ішкі рухани иірімі. Менің харекетім асыл, ішкі рухани иірімдерді сыртқа шығару. Атамекен – ренессанстық идея. Ол бүгінгі Қазақ елінің тыныс-тіршілігімен, рухани қуатымен, келешекке деген асыл армандарымен жүзеге асып отыр.

Бұл идея ең алдымен Қазақ елінің байырғы тұрғындары тегі қазақтарға және олармен тарихи тағдырлас болған өзге де этнос өкілдеріне, ел азаматтарына тән. Себебі, олар ешқашан да Атамекендерінен аумаған. Ғасырлар бойы нендей алапат, қасіреттерге төтеп беріп, бөгде аймаққа қоныс аудармай, атамекендерінде өмір сүрген. Ақыры армандарына жетіп, әлемге әйгілі егеменді Қазақ елі атанды. Бұдан асқан қазақтар үшін, ел азаматтары үшін құндылық болуы мүмкін бе?

Мемлекеттер өзгере берген, бірақ атамекен идеясы үнемі сақталып отырған. «Мәңгілік Қазақ елінің» мағынасы да осы атамекен идеясымен анықталмақ. Атамекенге болашақта да ие болу келер ұрпақтардың парызы.

Ата-бабаның мұрасы – Атамекен.

* * *

Ел деген сонау Түрік Қағанатынан бері айтылып келе жатқан мағыналы ұғым. Бабаларымыз «Мәңгілік ел» идеясын арманға қосқан, бергін келе Асан-қайғы «Жер-ұйық» идеясын Қазақ елінің ұлттық идеясына айналдырған. Ел деген ауқымды ұғым. Оны жіктеп қарастырсақ, алдымен жерді (яғни атамекенді) ауызға аламыз, одан кейін сол атамекенде болған мемлекеттер, олардың басшылары, содан кейін елдің субстанциясы – халық және оның тарихи-

мәдени Құндылықтары сөз болады. Елдің басты өлшемдері: Жер, Мемлекет және Халық. Халқымыз жерге деген қатынасын Атамекен деген идеямен айғақтаған. Атамекен ата-бабаларының өмір кешкен географиялық ортасы. Атамекеннің қазақ халқы үшін қилы-қилы тарихы бар. Әйгілі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының тарихи контекстіне назар салсақ, осыдан бір жарым ғасыр бұрын шамамен қазіргі Қазақ елінің территориясы сол кезде де осы күйінде, мүмкін, бұл ауқымнан кеңірек болғанға ұқсайды, себебі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры тек қазақтарға ғана емес, татар, башқұрттарға да ортақ. Сірә, ол кезде бұл халықтар қазіргідей жеке-жеке этностарға жіктелмеген. Сонда бір жарым ғасыр бұрын атамекенімізде қандай мемлекеттік құрылымдар болды, оны нақтылау тарихшылар үлесіндегі іс. Жыр фабуласына сүйенсек, бұл оқиға Шыңғыс ханның шапқыншылығынан бұрын болған.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры сол кездегі Атамекеннің рухани, көркем баяндамасы. Ол заманда түрікмендермен де ара-жігіміз көп ажыратылмаған. Оған дәлел жырда бар. Жырдың бір нұсқасында Қозының әкесі Сарыбай ханның тегі түрікмен еді деген ақпарат бар. Ал, Лев Гумилев гуздар туралы еңбегінде, мұсылмандықты қабылдаған гуздар түрікмен аталған деген тұжырымға келген. Олай болса, Қозы Көрпештің тегі түрікмен. Ол мұсылмандықты қабылдаған гуз. Жырда Қозы Көрпештің мұсылмандығы туралы дерек бар. Қозы қайғылы жағдайға душар боп, дүниеден озғанда, оны Каспий өңірінен 50 мыңнан аса әскермен арнайы іздеп келген уәзірі Айбас, Қозының жаназасын өзі шығарады. Ал, Қарабай болса найман тайпасының ханы, бәлкім, ол әлі мұсылмандықты қабылдамаған болуы да керек. Бұл деректің айғағына Шоқан Уәлихановтың жазбаларын келтіруге болады. Ол Қозы Көрпеш – Баян сұлу кесенесіне жолдай соққанда, оның төңірегіне қойылған балбал тастар (ескерткіштер) барын айтқан. Айбас Қозының жаназасын шығарып, оны арулап жер қойнауына беріп, зәулім кесене салып біткен соң еліне қайтқаннан кейін, жергілікті жұрт Қозы мен Баянға өздерінше құрмет көрсетіп, кесене төңірегіне балбал тастардан ескерткіштер қойған. Өкініштісі, Шоқан көрген сол балбал тастар қолды болып, жоғалған. Осы жайларға қатысты айтарым, қазіргі Қазақстанның кең даласы мың жарым ғасыр бұрын, бәлкім одан да бұрын біздердің және түркі тілдес тайпалардың Атамекені болған. Сондықтан, Атамекен идеясы

жерге тікелей қатысты дейміз. Қазақ халқы Атамекен деген ұғымды аса қастерлеп, оны өлең-жырға қосып, мақал-мәтелдерге араластырып, жас ұрпақты тәрбиелеуде тиімді пайдаланып отырған. Халықтың туған жермен тағдыры, тұрмыс кешу тәжірибесі, тарихы бір. Әйтпегенде, IX-X ғасырларда өмір сүрген Қорқыттың айтқан «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген философиялық формуласы бізге қалай жеткен. Әңгімемізді өрбіте айтсақ, тәуелсіздік алған жылдардан кейін қауышып жатқан Түркия елінің азаматтарының да Атамекенге деген ынталары өте зор. Олар өздерінің шыққан тегі, яғни Атамекені қазіргі қазақтың даласы екенін мойындап қана қоймай, сол Атамекенге қызмет көрсетуді өздерінің борышы деп санайды. Бұл жөнінде Мағжан Жұмабаевтың айтқан жыры да айғақты дәлел:

...Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой –
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па? –

Қазіргі қазақ даласында (территориясында) ондаған мемлекеттер болған. Олардың бәрі дерлік кейін келе ру-тайпалардың аттарына, этнонимге айналған. Мысалы, Үйсін, Қаңлы, Дулат, Найман, Керей, Қыпшақ, т.б. бір кездегі қазақ даласында болған мемлекеттің атаулары. Шығыс хан шапқыншылығынан кейін мемлекеттің жаңа типтері пайда болды. Олар: Алтын Орда мемлекеті, оның ыдырауымен бірге Ақ Орда, Көк Орда, Ноғай Ордасы, Астрахань Ордасы (хандығы), Башқұрт хандығы, Татар хандығы, Сібір хандығы, т.б.

Тәуке ханның тұсында XVII ғасырда Атамекенде кезінде Би Едіге бастаған билік үрдісі қайта жаңғыра бастады. Тұлға – қажеттіліктен қалыптасады. Осы заманда ел атынан, елдің сөзін ұстаушы Әйтеке би тұлғасы тарих алаңынан өз орнын ала бастады. Үш ұлысқа ортақ Болат ханның билігі әлсіреген шақта Билер институтына әкімшілік тұрғысынан қажеттілік туды. Ел билігіне хандардың шамалары жетпейтін халге келдік. Жер-жерден билер шыға бастады. Олар ел сөзін ұстаушылар болып, халық солардың сөзін сөйлейтін, соларды тындайтын еді. Билер халық ішінен өздерінің парасаттылықтарымен, кеменгерліктерімен көрінген тұлғалар, бүгінгі лексикаға салсақ, лидерлер. Әйтеке биден кейін іле шала Төле би мейлінше қадірлі Тұлғаға

айналды. Қажеттілік қажеттілікті туғызады, Сарыарқа өңірінен суырылып Қаз дауысты атанған Қазыбек би шықты.

Жағдай Едіге би заманындай, халық ортасынан шыққан Билер, әкімшілікке қатысты істерді толығымен қолдарына алды. Қазыбек биге қатысты сол заманның тарихынан бір мысал. 1748 жылы күллі қазақ даласын дүр сілкіндірген ауыр оқиға болды. Ол Барақ сұлтанның Батыс аймақта хандық құрған Әбілқайырды өлтіруі. Осы оқиғаға араласқан Қазыбек би өз билігін айқын әрі ашық көрсеткен. Ол Бараққа арнап: - Уай, Барақ! Ойланбай жасаған қылмысыңмен Орта жүзді ойсыратып кетер салмақ түсірдің сен. Елдің саулығын қашырып, қаскөйдің жаулығын бастадың сен. Бәрінен де бұрын сен адамзаттың өмірін ұрлап, өлімге орын босаттың. Ханыңды қарадай өлтірсең, халқыңды қынадай қыраарсың. Жауыздық қақпасын ашсаң, қаның судай шашарсың. Ал егер еліңді ығыр қылғың келмесе, жүрегіңнің ізгілігі өлмесе, тесікті өзің бітеп, жараны өзің жазып ал. Өлген тірілмейді, өшкен жанбайды. Бірақ өлгеннің ісін жалғастырып, өшкеннің отын тұтатсаң, өмір азбайды, шырақ қайтамаздайды. Жайлауымды өрт, жұртымды дерт шалмасын десең, Әбілқайырдың Орынбордағы ұлы Айшуақ сұлтанды ауыстырып, орнына аманатқа өз ұлыңды бер де, қаның мен құлыңды кешірсін десең, бола алсаң - Әбілқайырдың орнына хан бол. Әйтпесе ұлдарының алдына барып, кісілігінді тастап, кісеңді мойныңа сал! Кіріптарланып қол қусыр! Қаныңды шаша ма, құныңды кесе ме, қылмысыңды кеше ме - солар құныкерлер шешеді. Сен үшін жақыннан жат табар, ағайыннан алашы іздер Орта жүз жоқ! Кісілірге кешірім етер де Орта жүз жоқ! Кесіміме көнбесең, бүкіл Орта жүз тұрмақ, бүтін Найманға да симассың. Сиғызбаспын! Ауып кетем деп дәмеленбе, жоңғарға да өткізбеспін! » - (Қаз дауысты Қазыбек би. Түркістан «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы, 2011. – 16 б. 13-б.) деген. Байқап отырсыздар, билік Қазыбек бидің қолында берік. Кезінде хан шешетін істі өз қолына алған. Үш би заманында хан билігі деген ойландыратын мәселе. Хандар көбінесе конституциялық монархтар деңгейінде болды десек те болғандай, бұл жерде тек табиғатынан ерекше екі тұлғаны атамасқа болмайды, олар: Орталық өлкедегі сұлтан, содан кейін хан атанған – Абылай мен Батыс өңіріндегі – Әбілхайыр хан. Бұлар талантты ел басшылары еді, бірақ олар билермен билікті бөліскен.

Олар билер кеңесінсіз тарихи шешімдерге бара алмаған. Осындай ерекше саяси континуумды әлі толық зерттегеніміз жоқ. Егер оқиға осылай өрби бергенде Қазақ елінде биліктің тармақтары табиғи түрде сұрыпталып, анықталушы еді. Амал нешік, бұл үрдісті омыртқасынан үзіп, өз тәртібімен Ресей әкімшілігі өз үстемдігін орнатты. Жаңа әкімшілік қазақтарға мүлдем жат еді. Хакім Абайдың «ұрысса орыс, елге болыс, үйден үрген итке ұқсап» – дейтіні сондықтан. Үйден үрген, ол иттің жаманы. Олай болса болыстық қызметтің мәні не болғанын ойлай беріңіз.

Үш би мұрасы (билер көп болған, үшеуінің геополитикалық орындары ерекше болған соң, бөліп айтып отырмын) жан-жақты зерттеуді талап ететін тақырып. Үш бидің іс-харекеттері Би Едіге заманы мен қазіргі Қазақ елі (яғни жаңа дәуір) арасындағы – көпір. Қазақ елінің саяси жүйесін одан әрі жетілдіруде, осы мәселе ескерілуі қажет. Әрине, дәп солай болмас, бірақ елді басқарудың басты-басты принциптері, атамекеннің ең ауыр кезінде анықталып, іске асқанын қалайша естен шығаруға болады. Үш би заманы елді саяси басқарудың ізденіс заманы болғаны анық. Билер мұрасы сонысымен құнды.

«Қазақ елі» кешенінен сөзсіз орын алатын тұлғалар Ер Едіге және оның дәстүрін жалғастырмақ болған Әйтеке, Төле, Қазыбек билер болмақ. Бұлар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқан төл тарихымыздың қасиетті ардагер-тұлғалары.

Атамекенде 1822 жылы Ресей патшасының жарлығымен хандық билік өз күшін жойды. Қазақ халқының соңғы ханы Кенесары. Оның 1848 жылы опат болуымен қазақ хандығы келмеске кетті. Ішкі Бөкей Ордасы туралы айтсақ, Бөкей және Жәңгір хандардың биліктері өте шектеулі болған. Ішкі Бөкей Ордасын Ресей әкімшілігі қазақ халқын басқарудағы бір үлгісі ретінде ұсынды. Бірақ одан нәтиже шықпады. Бұл мәселеге нүкте қойған Исатай – Махамбет бастаған көтеріліс еді. Исатай – Махамбет бастаған көтеріліс хандық билікке қарсы шығып, халыққа өзгедей әкімшілік басқару жүйесінің қажеттілігін күн тәртібіне қойды. Қазақ халқы саяси тәуелсіздігінен айырылып, Атамекенде Ресей әкімшілігі ұсынған әкімшілік жүйе орнықты. Қазақ жері губерния-губернияларға бөлініп, одан уездерге, жергілікті жерлер волостной старшина (болыс) билігіне берілді. Осындай халден кейінірек большевиктердің идеологиясы нәтижесінде дүниеге келген Қазақ Советтік

Социалистік Республикасы деген мемлекеттік құрылым қалыптасты. Бұл формальды түрде мемлекет атанғанымен, шын мәнісінде кеңестік жүйенің бір әкімшілік бөлшегі ғана болатын. Халық тұтастығы, оның мәдени-рухани құндылықтарының даралығы есепке алынбай, жаңа социалистік тәртіп орныға бастады. Әннен сөзді алып тастауға болмайды дегендей, тарихымызда болған социалистік мемлекетті де тарихи мұра ретінде қарастыруымыз керек. Бірінші басшылықты Мәскеудегі орталық тағайындап отырғанымен, бұл мемлекетті үш қазақ басқарды, олар: Жұмабай Шаяхметов, Дінмұхамед Қонаев және Нұрсұлтан Назарбаев. Әрине, кеңестік жүйе болған соң, басшылықта орыс, украин, армян, еврей, ұйғыр өкілдері де болды. Бұл социалистік мазмұндағы мемлекеттің құрылымы табиғи түрде, жаңа дәуір ағымына орай өзге де дербестігінен айырылған тағдырлас елдермен бірге 1991 жылы тәуелсіз мемлекетке айналды. Бұл Атамекендегі жаңа мазмұндағы, шын мәніндегі, нағыз халықтық мемлекеттің құрылғаны еді. Мемлекет басына бұрынғы замандардағыдай, міндетті түрде тақ мұрагері болып төре тұқымынан, немесе кеңестік дәуірдегідей өзгелер тағайындайтын емес, халықтың өкілі Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев демократиялық жолмен Президент болып сайланды. Бұл XX ғасырдың соңындағы әлемде қалыптасқан өркениетті елдердегі орныққан елдің басшысын сайлау рәсіміне сәйкес жасалған шара болатын. Сөйтіп, Қазақ халқы өз Атамекенінде өзінің қалауымен басшы сайлап, Ренессанстық оқиғаға тап болды. Олай дейтінім, түркі жұртында бағзы заманнан билік сайлау негізінде болған. Биліктің басында би болған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында сол кездегі алып территорияны басқарып отырған би болған. Хан деген ол заманда тайпалардың көшбасшысы. Мысалы, жырдағы Қарабай бір тайпаның, Сарыбай бір тайпаның ханы, ал оларды басқарып отырған би болған. Шыңғыс хан шапқыншылығынан кейін басқарудың бұл жүйесі «түзетіліп», хан дәрежесі биден жоғары болып қалыптасқан. Себебі, Шыңғыс ханның өзі тайпа көсемінен шыққан адам. Ол сол хандық дәрежесін өзімен бірге көтеріп, биліктің жоғарғы формасына айналдырған. Бұл жағдайда заманында саяси рефлексия білдірген Ер Едіге болатын. Едіге би халық тарихындағы пассионарлық тұлға. Академик Қаныш Сәтбаевтың «Едіге жырын» зерттеуінің сыры тегін емес. Ол кезінде

«Едіге жырын» зерттеуді қолға алуы арқылы отандық тарихтың бастау арнасын деп тапқан. Сол үшін академик жұмыстан қуылды, бірақ ол Қаныш Сәтбаевтың тарих алдындағы ерен ерлігі еді. Ретіне орай айта кетейін, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романы туралы да әділ баға берген Қаныш болатын. Ол «Абай жолы» романын қазақ өмірінің XIX ғасырдың екінші жартысындағы энциклопедиясы деп еді. Сөйтіп, ол нағыз әдебиеттің қоғам өміріндегі орнын анықтап берген болатын.

Қазақ халқының төл тарихы Ер Едігеден бастау алатынын, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Астананың 10 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиындағы сөзінде нақты айтқан:

«Біздің қазақтың арғы-бергі тарихында Ордабалық, Суяб, Тараз, Баласағұн, Сығанақ, Жент, Сарайшық, Түркістан сияқты қалаларда ордалы жұрттың туы тігілген. Астананың дәл іргесінен табылған Бозоқ қаласы да үлкен орталықтың бірі болғанын ғалымдар дәлелдеп берді.

Астананың қазіргі жарқыраған жаңа көшелеріне Сарайшық, Сығанақ, Түркістан деген аттардың берілгенін байқаған боларсыздар.

Бұл төл тарихымызға деген бүгінгі ұрпақтың құрметі.

Ертедегі ер бабамыз Едігеден бастап, айбынды Абылайға дейінгі хандарымыздың бәрі осы Есіл бойында орда тіккендері тіпті де тегін болмаса керек» (Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Астананың 10 жылдығына арналған салтанатты жиындағы сөзі. 06.07.2008).

Егер Едігеден әрі қарай тарихымызды таразыласақ, Ер Қорқыт бейнесі тұр. Ол баршама түркітілдес халықтарға ортақ тұлға. Осы тарихи-мәдени тұтастықты негізге алып Түркітілдес Парламенттер Ассамблеясы аясында «Білге-Қорқыт» Бағдарламасын жүзеге асыруды қолға алып отырмыз. Осы Бағдарлама бойынша Түрік Академиясы және Түркия, Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан елдеріндегі университеттер жанында магистрлер даярлау жоспарланып отырғанын айтқан да жөн деп санаймын. Ер Қорқыт пен Едіге бидің арасы әлі де зерттелмеген Атамекен тарихы.

Жаңа тарихтың басы дегенде, Елбасын ренессанстық тұлға деймін. Сондағы айтпағым, халқымыздың тарихындағы «Ақ Орда» дәуірі, оның билеушісі Едіге биге қатысты айтылған сөз. Ноғай Ордасының тарихы екі жарым ғасырдай мерзімді алып жатыр. Әрине, Ноғай Ордасының

осылайша аталуы Ноғайға қатысты деген тарихи дерек бар. Ноғай Ордасының күшейген кезі билік басына Ер Едігенің келуімен байланысты. Едігенің туған жері Оңтүстік Қазақстанның Созақ ауданындағы Құмкент деген елдімекен. Зираты Құмкенттен солтүстікке қарай 300 шақырым жердегі Жезқазған өңіріндегі Ұлытауда деген түсінік бар. Ер Едігенің билік құрған жері – Сарайшық. Бұл «Бар қазақ – бір қазақ» деген сөздің дәлелі боларлық жағдай. Халқымыздың менталитетінде «еншісі бөлінбеген қазақ», «қарға тамырлы қазақ» деген аталы ұғымдар бар. Ноғай Ордасы қазіргі Қазақстанның солтүстігінен оңтүстігіне, одан батысына дейінгі аймақты алып жатқан. Халқымыздың Ел мен Едіге деген ұғымдарды қатар айтуы да тегін емес. Елдік сана Ер Едігенің істерінен мазмұн тапқан. Бұл тасқа басылған түркі жазулардағы «Мәңгілік ел» деген идеямен үндес.

Едіге тарихта «ел қамын жеген Едіге» деген формуламен қалған. Ол ешқашан да өзін ханмын деп атамаған. Жырларда оны Ер Едіге, би Едіге деп айту дәстүрі қалыптасқан. Едігенің қолындағы билік хандардың билігінен жоғары болғаны да тарихи шындық. Ер Едіге дәстүрі қазақ халқының тарихында хандық билік әлсіреген кезде билікке үш әйгілі биіміздің келуіне мүмкіндік туғызды. Ұлан ғайыр Атамекенді тиімді басқару үшін билер үш аймақты өз иеліктеріне алды. Батыс аймақты толығымен Әйтеке би басқарса, Жетісу өңірін және Оңтүстікті Төле би, ал Солтүстікті, Шығысты және Орталық Қазақстанды (Сарыарқаны) Қазыбек би басқарды. Әрине, бұл билер кезінде хандар да болды. Бұл заманда хандар елдің ішкі ісі емес, сыртқы істерімен көбірек айналысты. Елдің ішкі істері билерде болды. Биліктің бұл тәжірибесі әлі зерттеуді қажет етеді. Бұл тәжірибе қазақтың менталитетінде бар биліктің архетипі. Олай дейтінім, халқымыздың бай мәдени-әдеби мұрасын қайта қарап, саралап отырғанымызда биліктің осы архетипі ойымызға орала береді. Қазіргі кезде билік толығымен Еуропалық үлгіде құрылған. Ал, халқымыздың дәстүрін еске алсақ, онда ойланатын жайлар баршылық.

Қазақ елі дегенде Атамекен және Мемлекет үнемі бір-бірімен сай келіп отырмаған. Бұл екеуінің үндес келуі бүгінгі күнде шындыққа айналып отыр. Өткен тарихи замандарға зер сала қарап отырсақ, қазақтың байырғы территориясында орын алған мемлекеттердің бәрі бірдей Атамекен идеясына үндес бола берме-

ген. Мемлекет басында болған көсемдердің байырғы көне тарихты өшіруге, не қайта жазуға немесе өңдеуге ынталары болғандарын да есепке алған жөн. Солай болғанымен қазақ халқы өзінің байырғы тарихынан, Атамекен идеясынан ажырамаған. Қазақ халқының менталитеті деген осы. Содан кейін барып халқымыздың тарихи-мәдени құндылықтары туралы баяндау жөн болмақ. Халқымыздың құндылықтары деп екі феноменді ерекше айтуымыз парыз. Бірі – тіл. Қазақ этносының қалыптасуының бір факторы тіл ортақтығы. Тіл дегеніміз тарих, этнография, өнер, білім және дүниетаным. Осы аталған салалардың қайсысына тоқталмасаңыз да, сіз тіл мәселесіне барып тірелесіз. Тілдік лексика ол, былайша айтқанда, тарихтың мазмұндамасы, баяны. Екінші феномен – ол дін. Бұл күрделі мәселе. Түркітілдес халықтардың діни саналарында қат-қабат дүниетанымдық ізденістер бар. Ол туралы кейінгі кездері басылым беттерінде жиі айтылуда. Соның бірі – тәңірлік дүниетаным, екіншісі – ислам діні.

Қазақ дүниетанымы бірнеше тарихи-мәдени синтездерден өткен. Төменгі синтез – түркілік. Түркілік синтез Олжас Сүлейменовтың «Язык письма» деген ауқымды еңбегінен кейін мүлдем күрделеніп кетті. Түркілік тамырлар тереңдеп, майя, шумер, санскрит, латын тілдері, иудаизм діни лексикасына қатысты ақпараттар күннен-күнге көбеюде, мысалы, ағылшынның «Human» – деген сөзіне тоқталсақ, «Human»-ның мағынасы орысша «гуманизм», яғни «адамшылық» деген ұғым. Солайы солай, бірақ «хью» – дегеннің мәнісі не дегенге жауапты Олжас Сүлейменовтың «Тюрки в доистории» деген кітабынан тапқандай болдым. Ол «Закон Перестройки слога» деген тақырыпшада былай дейді: а) «Появляется прототический согласный (губной – w, или гортанный – h) в начале слова перед гласным. Напр., осемь > восемь, ойлык > войлок. На межязыковом уровне: *омо – «мужчина», «человек» > homo (лат.), uomo (ит.)» (Олжас Сулейменов. Тюрки в доистории. Алматы «Атамұра», 2002. С.40).

Сонда «омо» – мужчина деген болса, оның жалпы түркі тіліндегі аталуы «еркек» немесе «Ата». Алғашқы Ер адамның есімі – Ата. Енді «омо»-ның алдына h түскенде латынша «homo» болып, ол «адам» дегенді білдірген. Сонда «man» – дегеніміз адам болса, хью, яғни «еркек» деген мағынада. Олай болса ағылшын тіліндегі «Human», еркек адам болып шығады.

«Ото» + «ман» = «Ата» + «адам». Орыс тіліндегі «Ата» – «ман» қайдан шықты дейсіз.

«Ата» – «ман», «Ата» – «адам». Қазақша «Адам Ата». Гуманизм дегеннің дүниетанымдық мағынасы Адам Ата дәстүрінде болу деген емес пе?

Атам Ата ислам дінінде алғашқы мұсылман. Сондықтан Адам Атаның (гуманизмнің) күллі адам-зат жүретін жол екеніне еш шүбә жоқ.

Немесе, Әділ Ахметовтың «Түбі түркі өркениеті» деген еңбегінде «балдыз», «бай», «бояу», «шығу», «екі», «өкше», «сату», «тіс», «тоқпақ», «тұр», «шұқыр», «тік», «киік», «жасыл» т.б. сөздер майя және қазақ тілдерінде бірдей қолданылады (74-б.). Тағы бір мысал, «akil» – (ақыл) деген сөз шумер тілінде болғанына таңым бар, мен бұл сөз бізге араб тілінен енген деген пікірде болатынмын. Латын тілінде «ауыз» деген, яғни орысшасы «рот» дегенді білдіретін түрік сөзі бар екен. Осы жағдайлар түркілік синтездің күрделілігіне нақтылы мысалдар емес пе?

Одан бергіде түркі-парсы синтезі. Атақты Фирдоусиден керемет ақын Хожа Хафизге дейінгі парсы поэзиясының халқымыздың көркем санасына әсері өте зор болған. Ол әсерден парсы сөздерінің түркі лексикасына енуіне жол ашылды. Одан беріде – түркі-араб синтезі. Бұл ислам дініне, оның философиясына, ғылымына қатысты жағдайлар. Кейінгі деуге де болар, ол түркі-славяндық синтез. Ол туралы Олжас Сүлейменовтың әсіресе «АЗиЯ» кітабындағы деректерді келтіруге болады. Әсіресе, славян тілдеріндегі тюркизмдер құнарлы тақырып. Қазіргі замандағы мәдени синтез вестерндік, батыстық бағытта. Бұнымен қатар қазіргі араб елдері, таяу шығыс елдері синтезге түсу ниеттері болғанымен, бұл үрдіс жеткілікті арналарын әлі де болса таппауда.

* * *

Қазақ халқы туралы ұстаз Ыбырай Алтынсарин «Қазақ христоматиясында» «Қазақ халқы азбаған, табиғи тазалығын сақтаған халық» деген тұжырым жасаған. Рас. Ыбырай заманында қазақ халқы Ресейдің отаршылдығына түсіп, саяси бас бостандығынан айырылғанымен, әлі де төрт құбыласы түгел, аштыққа немесе алапат қырғынға ұшырамаған, діні мен тілінен, бай ауыз әдебиетінен, ғасырлар бойғы өмір сүру тәжірибесінен айырылмаған. Бұл жайларға

қоса айтарым, Ыбырай заманында Атамекенде жергілікті халықтың үлес салмағы 100 пайызға жуық болатын. Сондықтан да ұстаз Ыбырай барға тәуба етіп, қазақ азбаған, табиғи тазалығын сақтаған деген пікірге келіп отыр. Одан бергі жылдары қазақ халқы азды, тозды, аштықтан қырылды, зиялылары сотталды, атылды, рухани тоналып, этнодеформацияға түсті. Этнодеформация дегеніміз шұңқыр. Егеменді ел атанғаннан бері халықтың этнодеформациядан (шұңқырдан) шығу қажеттілігі күн тәртібінде, ол, ең алдымен, мәңгілік құндылықтар дінге және тілге қатысты. Қазіргі қазақ қауымын алаңдатып отырған да осы екі мәселе. Бұл мәселелер туралы Ыбырай Алтынсаринның кей мәселелерде ұстазы саналған миссионер Николай Иванович Ильминский Синодтың Обер-Прокуроры Константин Петрович Победоносцевқа жазған хатында: «Қазақтарды орыстандыру үшін оның дінін және тілін өзгерту керек», - деп ұсыныс жасаған. Мұндай тәжірибе әлемде кең көлемде орын алған болатын. Латын Америкасы деп аталатын континентте өмір сүрген абориген халықтар өз діндерінен, тілдерінен айырылып, бүгінде діні католик, тілі испандық болып отырғаны көпшілікке белгілі. Бірақ, қазақ халқы сол кездің өзінде-ақ дінін де, тілін де қорғап, табиғи тазалығын сақтап қалды. Халықтың азып-тозуы кейінірек басталды. Халықты тоздырған – большевизм ілімі және тәжірибесі.

Діні мен тілінен айырылған халықты этнодеформацияға түсті дей беруге әбден болады. Халық табиғи таза мінезінен айырылған соң, еліктегіш, көрсеқызар келеді, Ыбырай болса қазақ пайдалы іске ынталы, құмар болады деп еді. Осы пайдалы іске құмарлық (прагматизм) жұқарып барып еліктегіштікке айналды. Еліктеу істің мәнін түсіну емес, оның сыртқы түрін ғана қабылдау. Біз, қазақтар, кеңестік заманда еліктеу психологиясына, философиясына мейлінше берілдік. Сөйтіп, өзіміздің табиғи тазалығымызды архаизм, патриархалдық тұрмыс, рулық-байшылдық деп, өз болмысымыздан жерідік. Күні бүгінге дейін халқымыздың бір парасы еліктеушілік пиғылынан арылмай отыр. Тіптен, қазіргі кезде еліктеушіліктің түрлері көбейіп кетті. Бұрын Ресей құрамында болғандықтан орыстарға еліктеп, тұрмысымызды, пиғылымызды, тілімізді, көзқарасымызды орыстандыруға тырыстық. Ал, қазіргі заманда вестерндік (батысшылдық) еліктеушілік қуат алып келеді. Сонымен қатар, дін ісінде араб және иран елдерінің

әсерлері байқалса, соңғы жылдары қытайларға, жапондарға еліктеушіліктер көрініс беріп қалып жүр. Әрине, халқымыз айтады «жақсыны көрмекке» деп. Жақсы істі үлгі тұту, оны білім ретінде қабылдау ол жағымды іс. Ал, білген нәрсені біліп қана қоймай, оны төл көзқарасына айналдыру, халықты аздыратын іс. Мысалы, неміс философиясы Гегельдің философиясын білу, әрине, білім, бірақ оған көлеңке түсірмей «табыну», бұл еліктеу және жұрт санасын улау.

* * *

Қазіргі заман бәсекелестік заманы. Бұл аксиома. Бәсекеге қабілеттілік, сөзсіз, қажетті іс. Бәсекеге қабілеттілік сапаға бастайды. Ал, сапа дегенім – ұлттық идея. Тек бәсекеге қабілетті ел ғана болашаққа жолдама алмақ. Мен бұл тұста бәсекеге қабілеттілікті үш деңгейде айтпақпын. Ең алдымен, бәсекеге қабілетті Мемлекет. Одан барып бәсекеге қабілетті Идея және бәсекеге қабілетті Тұлға қажет. Осы үшеуінің бірлігі бәсекеге қабілетті Елді қалыптастырады. Бәсекеге қабілеттілік елдің табиғи иммунитеті. Ел бәсекеге қабілеттілігінен айырылған кезде ел болудан қалмақ. Оған тарихта мысалдар көп. Кезінде Алтын Орда бәсекеге қабілеттілігімен Алтын Орда атанды, бірақ бір замандарда бәсекеге қабілеттілігінен айырылып, бытырып, ыдырап кетті. Кезіндегі Кеңестік Империясының да жағдайы солай болды. Бұл «құрама» империяларға тән заңдылық. Тарихи жағдайларға байланысты қажеттіліктен біріккен халықтар, тайпалар, этностар бір замандарда дәл сондай қажеттіліктен ыдырап, өзге күйге өтпек. Бұл тарих заңы, қажет десеңіз, зат алмасу, энергия алмасу заңы. Пассонарлық қуат сынап сияқты, ол ауысып отырады. Сондықтан көне түркі жазуларындағы «Мәңгілік ел» идеясы қай заманда болмасын – идея. Ол өз қуаты жағынан бәсекеге қабілетті идея. Бірақ, ол идеяның өміршең болуы үшін бәсекеге қабілетті елдің сол елді бәсекеге қабілетті ететін тарихи тұлғалары болуы тиіс. Осындай жағдайларды ойластыра келіп, Қазақ елінің тәуелсіздігінің жиырма жылдығында нақты айтарым, бүгінде бәсекеге қабілетті Қазақ елі бар, оның бәсекеге қабілетті идеясы бар. Ол – сапа. Және бәсекеге қабілетті тұлғасы бар. Ол

Тұңғыш Президент Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев және бәсекеге қабілетті – қазақ халқы.

* * *

Қазақ елі тұғырнамасы Елбасының стратегиялық саясатының өзегі. Қазақ елі бәсекеге қабілетті болуы үшін техногендік, вестерндік өркениеттерді меңгеріп қана қоймай, өзінің Атамекен идеясына өріс беріп, ел тамырын құнарландырып отыруы табиғи қажеттілік. Міне, осы бағытта Астананың төріне орнатылған Қазақ елі монументі халқымызды ғасырдан ғасырға бастайтын нысана болмақ. Осы Елбасының мағыналы идеясын бүгінде жоғарғы оқу орындарында кредиттік технология жағдайында дәрістерге айналдырып жатқаны құптарлық. Мысалы, Ыбырай Алтынсарин атындағы Аркалық педагогикалық институты ұжымы, оның ректоры «Қазақ елі» концепциясын 1 курстан төртінші курсқа дейін, яғни маманның диплом алуына дейінгі мерзім ішінде жүйелі түрде оқып үйренуді жолға қойған. Ол «Қазақ елі: жалын жүректі, өршіл рухты, биік намысты, елжанды педагогты қалыптастыратын оқу-тәрбие курсы» (ЖОО-ның 1-4/5 күндізгі және сырттай, толық жеделдетілген курс студенттеріне арналған). Бұл үрдіс Білім Академиясының тарапынан қолдау тауып, бұл патриоттық Бағдарлама өзге де жоғарғы оқу орындарына енгізілмекші.

Бұл істің нәтижесі жас маманның қажетті маман иесі болуымен қатар, атамекен ренессансы деген идеяны өзінің бойына сіндіріп, іске кірісуіне қажетті жоба. Әрине, «Қазақ елі» дәрісін бұлайша оқытумен қатар, әрбір студент өздігінен оқыған кітаптарымен, көрген фильмдерімен, естіген ақпараттарымен толықтырып отырмақ. Бұл үздіксіз жүріп отыратын шығармашылық үрдіс. Кеңес заманында Маркс ілімін коммунистер осылайша жүйелеп берген еді. Соның нәтижесінде халықтың сана-сезіміне социализм, коммунизм идеясын сіндірген болатын. Ендігі жерде маркстік ілім, социализм, коммунизм ілімі келмекке кеткенде, оның орнына Ыбырай айтқандай, «халықты аздырмайтын, оның табиғи тазалығын сақтайтын», иммунитетін күшейтетін атамекен идеясы ақпараттық қоғам заманында аса қажет.